

№ исх: 11-2-03/371 от: 18.04.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

18.04.2017г. № 11-2-03/371

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
А.С.Платоновқа  
Г.Ж. Қарағұсоваға  
Т.И.Яковлеваға  
Г.А.Щегельскийге**

*Қашықтан банктік қол жеткізудің және қарыздарды интернет ресурстар арқылы беретін компаниялар қызметінің қауіпсіздігі мәселелері бойынша 16.03.2017ж. № ДС-77 сауалға*

**Құрметті Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қашықтан банктік қол жеткізудің және қарыздарды интернет ресурстар арқылы беретін компаниялар қызметінің қауіпсіздігі мәселелері бойынша депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

*Қашықтан банктік қол жеткізудің мәселелері бойынша*

Соңғы уақытта әлемнің түрлі елдерінде, оның ішінде Қазақстанда банктік ақпараттық жүйелерге компьютерлік кибершабуыл жасау және клиенттер мен банктердің шоттарына заңсыз қол жеткізу жағдайлары жиілеп кетті.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк банк қоғамдастығымен бірлесіп банктік жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеу, атап айтқанда, пайдаланылатын жүйелердің және қашықтан қызмет көрсету арналарының кибер қауіптерге орнықтылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдау жұмысын жүргізуде.

Банктермен жүргізілген келіссөздер мен жұмыс кездесулері нәтижесінде ағымдағы ахуалға мониторинг жүргізілді, әлемдік үрдістер қадағалануда, сондай-ақ қаржы секторының жұмыс істеуінің қауіпсіздігін жаңа қауіп-қатерлерді ескере отырып арттыру үшін осы саладағы ұзақмерзімді жүйелік шешімдерді әзірлеу бағытында жұмыс жүргізілуде.

*Қарыздарды интернет ресурстар арқылы беретін компаниялар қызметінің мәселелері бойынша*

Қазақстан Республикасында қарыздарды интернет ресурстар арқылы беретін компаниялар заңды тұлғалар ретіндегі қызметін тіркейді. «ЭкспертРа» рейтингтік агенттігінің деректері бойынша 2017 жылдың басында онлайн-қарыздар нарығында жұмыс істейтін 16 онлайн – компания болды, олардың қызметі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Алайда онлайн-кредиттер нарығында қызметі резиденттік елінің заңнамасымен регламенттелетін бейрезидент-платформалардың болу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Онлайн-кредиттеу қарыздары бойынша мөлшерлемелерге жасалған шолу олардың банк өнімдерімен салыстырғанда айтарлықтай тартымсыз екендігін көрсетіп отыр. Мысалы, осындай онлайн кредиттер бойынша сыйақының жылдық мөлшерлемесі жекелеген жағдайларда 700%-ды құрайды, айыппұл санкцияларын қоса алғанда тиімді мөлшерлеме 900%-дан асып кетуі мүмкін. Осыған байланысты онлайн-кредиттер бойынша мөлшерлемелер тартымды болып табылмайды, керісінше ынталандырмайтын сипатта.

Қазақстанда онлайн-кредиттер қаржылық қызметтер болып табылмайды және ол қызметтерді көрсететін ұйымдар қаржы нарығының субъектілері емес.

Қаржы сауаттылығын арттырудың алдын алу шарасы ретінде Ұлттық Банк қарыз алушылар үшін онлайн-кредиторлар қызметтерін пайдалану кезінде туындайтын тәуекелдер туралы жадынама жариялады. Жадынама ұсыным сипатында, бірақ азаматтарды шамадан тыс жоғары жылдық сыйақы мөлшерлемелері, айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы туралы, қарыз алушыларды онлайн кредиттер бойынша заңдық қорғаудың жоқ екендігі жайында ескертеді.

Қазақстанда бөлшек кредиттеудің іс жүзінде екі деңгейлі жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын атап өту керек, онда тұтынушылар реттелетін объектілер болып табылатын екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) мен микроқаржы ұйымдарын (МҚҰ) кеңінен таңдай алады. Мәселен, қазіргі кезде Қазақстанның бүкіл аумағында ауқымды филиал желісі бар 34 банк және барлық өңірде 136 АҚҰ жұмыс істейді. Өздеріңізге белгілі болып отырғандай, ЕДБ халықтан салымдар қабылдауды, сақтауды жүзеге асырады, сондықтан оларға қатаң пруденциялық реттеу және шектеу қолданылады, тиісінше олар қарыз алушылардың қаржылық орнықтылығына және төлем қабілеттілігіне жоғары талаптар қояды, МҚҰ қатысты талаптар жеңілірек. Тиісінше, қаржы ұйымдарының шалғайда болуына байланысты қаржылық қызметтерге қолжетімділік проблемалары бүгінгі күні жоқ.

Осыны ескере отырып, онлайн-кредиттер қызметтеріне жүгінудің ағымдағы жағдайда жеке тұлғалардың жағымсыз кредиттік тарихының болуы, олар ұсынған ақпараттың айқын еместігі не дәйексіздігі себептері бойынша олардың ресми кредиторлар – ЕДБ пен МҚҰ-дан қарыз алуға мүмкіндігінің болмауымен негізделген.

Осылайша, проблеманың субъективтік сипаты бар, атап айтқанда қарыз алушылардың қаржылық жағдайының нашарлауы, олардың төлем тәртібін бұзуы. Мысалы, екінші деңгейдегі банктердің ақпаратына сәйкес қазір 53% немесе 567

мыңнан астам адам банктерден жасырынып жүр не байланыс деректері, тұрғылықты жері, жеке кірістері және мүлкі туралы дәйексіз мәліметтер береді. Бұл ретте 232 мың адам өзінің төлем қабілеттілігі және олардың кірістерінің бар екені туралы ақпаратты жасырып қалады. Осы көрсетілген адамдар санының ішінде 162 мыңнан астам адам кірістерінің болуына қарамастан, бәрібір берешегін өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырмайды.

Кредиттік тәуекелдерді, банктік қарыздар бойынша мөлшерлемелерді төмендету және халықтың қолжетімділігі үшін қарыз алушылардың олар алған қарыздар бойынша жауапкершілігін арттыру шараларын енгізу, банктердің қарыздарды қайтару мақсатында дәйекті ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Мысалы, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы шеңберінде қарыз алушы маңызды ақпаратты және өзі туралы мәліметтерді жасырып қалуына құқығы болмайтын ережелер көзделген. Атап айтқанда, байланыс ақпаратын, кірістер мен шығыстар деңгейі туралы, тұрғылықты жері мен оның өзгергені, жеке басын куәландыратын құжаттарының ауыстырылғаны, берешекті өтеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін мүліктің болуы туралы ақпаратты ашу көзделеді.

Сонымен қатар, заң жобасымен банктердің борышкердің төлем қабілеттілігін оған мерзімі өткен берешегін қайта құрылымдау тәсілдерін ұсыну арқылы қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау кезіндегі жауапкершілігі шаралары енгізіледі.

Осылайша, осы мәселе банктік реттеу мәселелерінің шегінен шығып кетеді, кредитор мен борышкердің өз міндеттемелерін орындау жауапкершілігінің балансын, кредиттер беру мен алу мәселелеріне арналған сараланған тәсілдерді қалыптастыру, сондай-ақ азаматтардың қаржы нарығының реттелетін субъектілеріне сенімін арттыру тұрғысынан алғанда кешенді қарау талап етіледі.

**Төраға**

**Д. Ақышев**

Орындаушы: Аманжолова А.С.  
Тел.: 2704 – 591 (ішкі1142)

№ исх: 11-2-03/371 от: 18.04.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

18.04.2017г. № 11-2-03/371

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

**Платонову А.С.  
Карагусовой Г.Д.  
Яковлевой Т.И.  
Щегельскому Г.А.**

*на запрос № ДЗ-77 от 16.03.2017 по  
вопросам безопасности удаленных  
банковских доступов и деятельности  
компаний, предоставляющих займы через  
интернет ресурсы*

**Уважаемые депутаты Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев депутатский запрос по вопросам безопасности удаленных банковских доступов и деятельности компаний, предоставляющих займы через интернет ресурсы, сообщает следующее.

*По вопросам безопасности удаленных банковских доступов*

В последнее время в различных странах мира участились случаи компьютерных кибератак на банковские информационные системы и несанкционированного доступа к счетам клиентов и банков. Подобные инциденты имели место быть в Казахстане в феврале-марте 2017 года.

В настоящее время Национальным Банком совместно с банковским сообществом проводится работа по выработке предложений, направленных на обеспечение безопасности банковских систем, в частности, по применению мер обеспечения устойчивости эксплуатируемых систем и дистанционных каналов обслуживания от киберугроз.

В результате переговоров и рабочих встреч с банками проведен мониторинг текущей ситуации, отслеживаются мировые тенденции, а также проводится работа в направлении выработки долгосрочных системных решений в этой сфере для повышения безопасности функционирования финансового сектора с учетом новых вызовов.

*По вопросам деятельности компаний, предоставляющих займы через интернет ресурсы*

Компании, предоставляющие займы через интернет ресурсы в Республике Казахстан, регистрируют свою деятельность в качестве юридических лиц. По данным рейтингового агентства «ЭкспертРа» на начало 2017 года на рынке онлайн-займов насчитывалось 16 действующих онлайн – компаний, деятельность которых осуществляется в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан. Однако не исключена возможность присутствия на рынке онлайн-кредитов платформ-нерезидентов, деятельность которых регламентируется законодательством страны-резидентства.

Обзор ставок по займам онлайн-кредитования свидетельствует об их значительной непривлекательности в сравнении с банковскими продуктами. К примеру, годовая ставка вознаграждения по таким онлайн кредитам в отдельных случаях составляет 700%, с учетом штрафных санкций эффективная ставка может превысить 900%. В связи с этим, ставки по онлайн-кредитам не являются привлекательными, а скорее несут более демотивирующее содержание.

Онлайн-кредиты в Казахстане не являются финансовыми услугами и организации их оказывающие не являются субъектами финансового рынка.

Как превентивная мера повышения финансовой грамотности Национальным Банком опубликована памятка для заемщиков о рисках, возникающих при использовании услуг онлайн-кредиторов. Памятка носит рекомендательный характер, но предостерегает граждан от завышенных годовых ставках вознаграждения, в том числе штрафах и неустойках, об отсутствии юридической защиты заемщиков по онлайн кредитам.

Стоит отметить, что в Казахстане действует фактически двухуровневая система розничного кредитования, где потребители имеют широкий выбор между банками второго уровня (БВУ) и микрофинансовыми организациям (МФО), которые являются регулируемыми субъектами. Так, в настоящее время действует 34 банка с широкой филиальной сетью на территории всего Казахстана и 136 МФО представленные во всех регионах. Как Вам известно, БВУ осуществляют прием, хранение вкладов населения поэтому к ним действует жесткое пруденциальное регулирование и ограничения, соответственно они предъявляют повышенные требования к финансовой устойчивости и платежеспособности заемщиков. В отношении МФО требования более либеральны. Соответственно, проблемы доступности финансовых услуг ввиду отдаленности финансовых организаций на сегодняшний день не существует.

С учетом этого, полагаем что, обращение к услугам онлайн-кредитов в текущих условиях обусловлено невозможностью получения физическими лицами займов у официальных кредиторов – БВУ и МФО по причине их отрицательной кредитной истории, непрозрачностью либо недостоверностью, предоставляемой ими информации.

Таким образом, проблема носит более субъективный характер, а именно ухудшение финансового положения заемщиков, нарушение ими платежной дисциплины. К примеру, согласно информации банков второго уровня сейчас уже 53% или более 567 тысяч человек скрываются от банков либо предоставляют недостоверные сведения о контактных данных, месте жительства, индивидуальных доходах и имуществе. При этом 232 тысяч человек скрывают информацию о своей платежеспособности и наличии у них доходов. Из указанного количества более 162 тысяч человек, несмотря на наличие доходов, так и не осуществляют платежи по погашению задолженности.

Для снижения кредитных рисков, ставок по банковским займам и доступа для населения необходимо вводить меры повышения ответственности заемщиков по полученным ими займам, обеспечить доступ банков к достоверной информации в целях возвратности займов.

К примеру, в рамках законопроекта Республики Казахстан «О коллекторской деятельности» предусмотрена положения в соответствии с которыми, заемщик не вправе скрывать существенную информацию и сведения о себе. В частности предусматривается раскрытие контактной информации, информации об уровне доходов и расходов, о месте жительства и его изменении, об изменении места жительства, о перемене имени, отчества фамилии, замене документов, удостоверяющих личность, о наличии имущества, на которое в соответствии с законодательством Республики Казахстан может быть обращено взыскание для погашения задолженности.

Кроме того, законопроект вводит меру ответственности банков в принятии комплекса мер по восстановлению платежеспособности должника путем предложения ему способов реструктуризации просроченной задолженности.

Таким образом, данный вопрос выходит за пределы вопросов банковского регулирования, требует комплексного рассмотрения с точки зрения формирования баланса ответственности кредитора и должника к исполнению своих обязательств, взвешенного подхода к вопросу выдачи и получения кредита, а также повышения доверия граждан к регулируемым субъектам финансового рынка.

**Председатель НБ РК**

**Акишев Д.Т.**

Исп.: Аманжолова А.С.  
Тел.: 2704 – 591 (вн.1142)